«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТАВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

030010, Актөбеқаласы, Әбілқайыр-хан даңғылы, 40,

030010, город Актобе,пр.Абылхаир-хана, 40 тел./факс /7132/ 54-69-50

2019 жылғы «18» қараша
№ 10-08/3205

«АССАНА-ДорСтрой» ЖШС

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағын негізге ала отырып, №3694199-1 «Бөгенбай батыр даңғылының т-образды қиылысынан Әбілқайыр хан даңғылына дейінгі ұзындығы 4190 м орташа жөндеу жұмыстары» ашық конкурсына жазылған 2019 жылғы 5 қарашадағы №57834 шағымыңызға келесіні хабарлайды.

ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшаның ескертпесіне сәйкес орындалған жұмыс актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Қағиданың 153-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 152-1-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасына осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес шартты жеңілдіктердің есебі қоса беріледі.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктерді қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған талаптар шартқа енгізіледі.

Жоғарыдағылардың негізінде әлеуетті өнім беруші "ЕРХАТ-ЖОЛДАРЫ" ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдігі 10%, жұмыс тәжірибесі 5 жыл. (2014ж, 2016-5 жұмыс, 2017ж-10 жұмыс, 2018ж-16жұмыс, 2019ж-2 жұмыс), (орындалған жұмыс актілерінің электрондық көшірмелері негізге алынды).

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Сонымен қатар, заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

18.11.2019

Департамент
басшысының орынбасары **К.Жумабаев**

Орын. Алматов Д
Тел: 8/7132/54-46-41

18.11.2019